

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ  
«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН  
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»**

**БЕКІТІЛГЕН**

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
медицина университеті»**

**КеАҚ Басқармасының**

**29 12 2023 жылғы**

**№ 50 хаттамасымен**

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»**

**КЕАҚ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ АР-НАМЫС ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ**

Коды	Басылым	Құрастырган	Келісілді	Қолы	Күні
К БҚМУ 23-16	Бірінші	Алекенова Н.У.	Абенова Н.А.		28.12.23
		 27 12 2023 ж.	Урумбаева А.Н.		27.12.23

**Ақтөбе, 2023**

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 27.12.2023	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушының ар-намыс және мінез-құлыш кодексі	К БҚМУ 23-16	7-беттін 2-беті

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде білім алушының ар-намыс және мінез-құлыш кодексі (бұдан әрі - Кодекс) мінез-құлыштың этикалық қағидаларын айқындауды және оқуға жайлар мен өзара, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің (бұдан әрі - Университет, Қоғам) оқытушыларымен және кызметкерлерімен қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған.
- 1.2. Кодекстің мақсаты - Университеттің білім беру ортасындағы ұстанымдарды нығайтуға, университет беделінің одан әрі өсуіне және оның түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін жауапкершілік пен борыш сезімін, мақтаныш пен патриотизмді тәрбиелеуге бағытталған Университеттің білім беру ортасында білім алушылардың мінез-құлыш стандарттарын белгілеу.
- 1.3. Осы кодекс Университетте білім алушылардың оку үдерісі барысындағы мінез-құлқының негізгі этикалық ережелерін айқындауды.
- 1.4. Осы кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ «Академиялық саясатына», «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ «Академиялық адалдық саясатына», жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына сәйкес әзірленді және Университет білім алушыларының іс-әрекеттері мен мінез-құлқына қойылатын талаптарға негізделген.
- 1.5. Кодекстің негізгі міндеттері:
  - Білім алушының құқықтары мен міндеттерін сактау.
  - Дайындық сапасын арттыруға ықпал ету.

## 2. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР

- 2.1. Осы Кодексте қолданылатын терминдер:
  - **ар-намыс** - халықтық, азаматтық, ұжымдық дәстүрлерге сәйкес адамның, адамзаттың жоғары қасиеттерінің жиынтығы;
  - **БАҚ** - бұқаралық ақпарат құралдары;
  - **бедел** - қоғамда жоғары бағалау мен құрметке негізделген біреудің немесе бір нэрсенің танымалдылығы;
  - **білім алушылардың әдеп жөніндегі комиссиясы** – әдеп нормаларын бұзуға, оның ішінде университеттің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген білім алушыларға қатысты тәртіптік істерді қарастыру және тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстарды дайындау үшін Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен (факультеттер декандары, ПОК) университет Басқарма төрагасы-ректорының бұйрығымен құрылатын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;
  - **дәстүр** - әлеуметтік-мәдени контексте ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қоғам құндылықтарының жүйесі мен ережелерін қалыптастыратын құндылық;
  - **имидж** - бұқаралық коммуникация және психологиялық әсер ету құралдары арқылы қоғамдық немесе жеке санада қалыптастасатын жасанды образ;
  - **кемсітүшілік** – белгілі бір белгі бойынша құқықтар мен міндеттерді шектеу;
  - **мәдениет** - адам жасаган, оның ақыл-ойымен жасалған құндылықтар, өмір сүру және адами қатынастар үлгілері;
  - **мораль** - адамның қоғамдағы, өмірдегі іс-әрекетін, адамның адамгершілік, өнегелік, ізгілік белгісін сәйкестендіретін ішкі реттеуші;
  - **мінез-құлыш** - адамның өмірі мен іс-әрекетіндегі тәртіп, рет, мінез-құлыштың сапасы мен сипатының үйімдастырылуы, қоғамда қабылданған құқық пен мораль нормаларына сәйкестігі;
  - **симпозиум** – белгілі бір ғылыми мәселе бойынша кеңес, ғылыми конференция (әдette әртүрлі елдер өкілдерінің қатысуымен);

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 27.12.2023	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ білім алушының ар-намыс және мінез-құлқық кодексі	К БҚМУ 23-16	7-беттің 3-беті

➤ **субординация** - еңбек ұжымы, ұйым, мекеме ішіндегі әртүрлі иерархиялық сатыдағы адамдар арасындағы қатынастардың белгіленген ережелерін сақтау;

➤ **этика** – характер, этическое поведение, воспитание, благородство, вежливость, учтивость человека в обществе; қоғамдағы адамның мінезі, этикалық мінез-құлқы, тәрбиесі, тектілігі, сырпайылығы, әдептілігі.

### 3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 3.1. Әрбір білім алушы осы Кодекстің нормаларын орындаі отырып, Университеттің дамуы мен жетілуіне, оның имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосады.
- 3.2. Университетте білім алушы сыйбайлас жемқорлық пен парапорлықтың кез-келген көріністеріне төзбеушілік танытуы тиіс.
- 3.3. Білім алушы Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, таңдаған білім беру бағытындағы кәсіби маман болуға, шығармашылық тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылуы тиіс.
- 3.4. Білім алушы жасы үлкендерге құрметпен қарауға, айналасындағыларға қатысты дөрекілікке жол бермеуі тиіс.
- 3.5. Білім алушы әдептіліктің, мәдениет пен моральдың үлгісі болуы тиіс, ешкімді шығу тегі, әлеуметтік лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, нағымы, тұргызылғы жері бойынша, өзге де мән-жайларға байланысты қандай да бір кемсітуге болмайды.
- 3.6. Білім алушы Университеттің дәстүрлерін құрметтеуі, оның мүлкін қорғауы, студенттік жатақханаларда тазалық пен тәртіпті сақтауы тиіс.
- 3.7. Білім алушы шығармашылық белсенділікті (ғылыми-білім беру, спорттық және т.б.) дамытуға және Университеттің корпоративтік мәдениеті мен имиджін арттыруға бағытталған кез-келген әрекетті қажетті және пайдалы деп тануы тиіс.
- 3.8. Білім алушы Университеттің өкілі екенін әрдайым есте ұстауды керек және Университет қабыргасынан тыс жерде оның абыройы мен беделін түсірмеу үшін күш салуы керек.

### 4. НЕГІЗГІ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР МЕН НОРМАЛАР

- 4.1. Білім алушының жалпы этикалық қагидаттары:
  - 1) адалдық;
  - 2) әділеттілік;
  - 3) белсенділік;
  - 4) бастамашылық;
  - 5) әдептілік;
  - 6) мақсаттылық;
  - 7) жауапкершілік.
- 4.2. Білім алушының жалпы және моральдық-етикалық нормалары:
  - 1) Университеттің имиджін ойлау және оның дамуына барынша ықпал етуге;
  - 2) сыни ескертулерді объективті қабылдауга және айтуда, жіберілген қателіктерді түсінуге және түзетуге, өз ескертулері мен бағалауларына әділ болуға;
  - 3) Университеттің материалдық базасын нығайтуға мүдделі болуға, үй-жайлар мен жабдықтарды жөндеуге жұмысалатын шығындарды азайту мақсатында материалдық құндылықтарды сақтауда міндетті.

### 5. УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ, ОҚУШЫЛАРЫ МЕН ӘКІМШІЛІГІ АРАСЫНДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЕГІЗДЕРІ

- 5.1. Оқытушылар мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы этикалық, адамгершілік және күкірткыншылық нормаларға сәйкес құрылуы тиіс.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 27.12.2023	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушының ар-намыс және мінез-құлық кодексі	К БҚМУ 23-16	7-беттің 4-беті

- 5.2. Білім алушы Университет оқытушыларымен және қызметкерлерімен қарым-қатынаста субординация сақтауы тиіс.
- 5.3. Білім алушы Университеттің басқа да білім алушыларымен, оқытушыларымен және қызметкерлерімен қарым-қатынаста әдепті болуға тиіс. Сыпайы, іскерлік қарым-қатынастың негізгі ережелерін сақтауы тиіс.
- 5.4. Даулы мәселелерді шешудің жалпы тәсілдері келісімділік пен консенсус, ізгі ниет және барлық тараптардың мұдделерін сақтауга деген ұмтылыс негізінде құрылуы керек.
- 5.5. Білім алушы басқа адамның ар-намысы мен абыроның қорлайтын қылыштар мен әрекеттерге жол бермеуі тиіс.
- 5.6. Білім алушы мәдениеттілігімен ерекшеленуі, басқалармен қарым-қатынас кезінде позитивті көзқараста болуы керек.

## 6. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 6.1. Білім алушының құқылы:

- 1) мемлекеттік білім гранттары шеңберінде және келісімшарт негізінде окуга;
- 2) оку үдерісіне қатысу үшін қажетті ақпаратқа еркін қол жеткізуге;
- 3) ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне (конференциялар, симпозиумдар, жазғы және қысқы мектептер және т.б.) қатысуға;
- 4) мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуға;
- 5) өз жұмыстарын, оның ішінде университет басылымдарында, жариялауға ұсынуға;
- 6) окудан бос уақытта жұмыс істеуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен университет әкімшілігінің бүйректары мен әкімдеріне шағымдануға.

### 6.2. Білім алушының міндеттері:

- 1) сабактардың барлық түрлеріне уақытында келуге және оларға кестеге сәйкес қатысуға;
- 2) университет оқытушыларымен, қызметкерлерімен, қонақтарымен, жасы үлкендермен, құрдастарымен сыпайы амандасуға, лайықты қарым-қатынас сақтауға;
- 3) сабак кезінде ұялы телефондарды өшіруге немесе дыбыссыз режимге қоюға;
- 4) сабак барысында сөйлесу, жүріп-тұру және өзге де әрекеттермен оку үдерісіне кедергі келтірмеуге;
- 5) оку үдерісіне белсенді қатысуға;
- 6) сыркаты немесе өзге де дәлелді себептері бойынша сабакқа қатыспаған жағдайда растау құжаттарын уақытылы тапсыруға;
- 7) топтың, курстың, кафедраның, факультеттің, Университеттің жалпы істеріне қатысуға ұмтылуға;
- 8) оку пәндері бойынша өзіндік жұмысты орындауға;
- 9) Университеттің оку әдебиетіне, жабдықтарына және басқа да ресурстарына ұқыпты қарауға;
- 10) оку үдерісі кезінде тамақ ішпеуге;
- 11) қоғамдық орындарда өзін әдепті ұстауға (айқайламау, жанжалдаспау, ұрыспау және т.б.);
- 12) оку ғимараттарының бөлмелерінде сыртқы киіммен жүрмеуге;
- 13) тәртіп пен тазалық сақтауға;
- 14) ішкі тәртіп және жатақханада тұру ережелерін сақтауға;
- 15) ұқыпты қөрінуге, ақ халат, ақ қалпак, ауыстыратын аяқ киім киүгө; дene шынықтыру сабактары мен сенбіліктерден басқа кезде оку ғимараттарында спорттық киіммен жүрмеуге;
- 16) жоғарғы курс білім алушылары төменгі курс білім алушыларына қысым көрсетпей, оларға құрметпен қарауға;
- 17) көпшілік алдында сейлеуге ұқыпты болуға, егер сөздері адамның шығу тегі, ұлттық наследдік, жыныстық белгілері, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайы бойынша

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 27.12.2023	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушының ар-намыс және мінез-құлыш кодексі	К БҚМУ 23-16	7-беттің 5-беті

кемсітушілікке әкеп соктыратын болса, бұкараптый ақпарат құралдарында және интернет желісінде жария жазбаларға, сөз сөйлеуге жол бермеуге;

18) білім алушы әлеуметтік желілердегі және интернет желісіндегі кез-келген жария жазбалар, БАҚ-тағы университет қызметімен байланысты емес мәлімдемелер, пайымдаулар немесе бағалаулар үшін өзі жауапты болады;

19) Білім алушы Университет дәстүрлерін сақтауға және дамытуға барынша қамқорлық жасауға міндетті;

20) Білім алушы мемлекеттік, коммерциялық және өзге де ұйымдарда тәжірибеде бола отырып, өзінің мінез-құлқымен университеттің имиджі мен беделін қалыптастыруға үлес қосатынын түсінуі тиіс.

21) Білім алушыларға өз денсаулығын құтуге, өзін-өзі жан-жақты жетілдіруге үмттылу (спортық ойындарға, рухани-танымдық іс-шараларға қатысу) ұсынылады;

22) Темекі шегуге, темекі өнімдерін (вейбтер, электронды темекілер), есірткі және психотроптық заттар таратуға және тұтынуға, спирттік ішімдіктер ішуге, сондай-ақ олардың ықпалымен Университет қабырғасында болуға тыйым салынады.

## 7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 7.1. Осы Кодекс ережелерін Университеттің барлық білім алушылары қолдануға және сақтауға міндетті.
- 7.2. Университет әкімшілігі Әдеп жөніндегі тұрақты комиссияда және басқа да тиісті отырыстарда осы Кодекстің нормаларының бұзылу жағдайларын карауға және тиісті қорытындылар шығаруға құқылы.
- 7.3. Осы Кодекс бекітілген күннен бастап күшіне енеді және осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар Университет Басқармасы шешімімен енгізіледі.



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 27.12.2023	Басылым: бірінші
«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушының ар-намыс және міnez-кұлық кодексі	К БҚМУ 23-16	7-беттің 6-беті

Қосымша А  
(міндетті түрде)

Н ПРО БКМУ 401-02-22

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 27.12.2023	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушының ар-намыс және мінез-құлық кодексі	К БҚМУ 23-16	7-беттің 7-беті

## **Қосымша Б**

Н ПРО БКМУ 401-03-22

## ТАНЫСУ ПАРАГЫ